

"Темір жол көлігінде жүк және коммерциялық жұмыстар" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қарашадағы № 943 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 19 желтоқсанда № 8986 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 224 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138 -5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Темір жол көлігінде жүк және коммерциялық жұмыстар» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Кадр және әкімшілік жұмыс департаменті (Е.Е. Хасенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, бұқаралық ақпараттар құралдарында ресми жариялануын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы «Әділет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға көшірмесін жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
міндетін атқарушы

----- Қ. Әбсаттаров

2013 жылғы 4 қараша

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрінің

2013 жылғы «26» қарашадағы

№ 943 бұйрығымен бекітілген

«Темір жол көлігінде жүк және коммерциялық жұмыстар» кәсіби стандарты

1. Жалпы бөлім

1. «Темір жол көлігінде жүк және коммерциялық жұмыстар» кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) «Құрлық көлігі саласындағы қызметтер» кәсіби қызмет саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайды және

1) еңбек саласы мен кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын р е т т е у г е ;

2) даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу талаптарын регламенттеуге;

3) персоналды аттестаттау және сертификаттау кезінде жұмысшылардың құзыреттерін бағалау талаптарын регламенттеуге арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары, ұйымдардың персоналын басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. КС негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулықтар,

ұйымдардың үлгілік оқыту бағдарламалары, үлгілік оқыту жоспарлары,
ұжымдық стандарттар әзірленеді.

4. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің еңбек қызметінің белгілі бір түрі шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметтерінің стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі параметрлері бойынша жүктелетін қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек заттары – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталған зат;

4) еңбек құралдары – жұмысшының еңбек заттарын бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіктердің тұтас жиынымен құралған кәсіби қызмет саласының құрамдас б ө л і г і ;

6) еңбек функциясы – бизнес-үдеріспен анықталатын және оларды орындауға қажетті құзыреттердің болуын болжамайтын еңбек қызметінің біріктірілген және дербес жиынтығын көрсететін еңбек қызметі түрлерінің бір бөлігі;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарттың бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, қатысымды дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасы тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қ а б і л е т і ;

11) лауазым – лауазымдық уәкілеттіктер және лауазымдық міндеттер шеңберін жүктейтін жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

12) міндет – нақты бір еңбек заттары мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты і с - қ и м ы л ж и ы н т ы ғ ы ;

13) сала – өндіретін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ ұйымдар жиынтығы;

14) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

15) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) функционалдық карта – сол немесе өзге де кәсіби қызмет саласы шеңберінде белгілі бір қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. КС паспорты келесіні анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіптік қызмет саласы):

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі - 03-2007 ҚР МЖ) «52.2 «Тасымалдау бойынша қосалқы көрініс қызметті»»;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 19 шілдедегі № 178 бұйрығымен бекітілген теміржол көлігі басшылары, мамандар және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы (б ұ д а н ә р і – Б А) ;

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты:

жүк және коммерциялық жұмыс;

3) осы КС 1-қосымшасына сәйкес біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері.

3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсіптің) карточкалары

1-параграф «Поездарды қабылдаушы»

6. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады::

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3-4; СБШ бойынша – 3-4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 7511 «Жол машиналары мен темір жол көлігі механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшылардың к ә с і п т е р і » ;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: поездарды қабылдаушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - субъектінің жүк теміржол станциясы кірме жолдарында және коммерциялық тексеру пункттерінде тиелген вагондарды қабылдау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс

орындары. Поездарды қабылдаушысының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 1-кестесінде келтірілген.

2-параграф «Жүк және багаждарды қабылдап-тапсырушы (кірме жолдар, актілік орындық)/Жүк және багаждарды аға қабылдап-тапсырушы»

7. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3-4; СБШ бойынша – 3-4;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 9332 «Тарту күшіне негізделген көлік құралдарын басқару жұмысшылары және көлікте жұмыс істейтін басқа да білікті е м е с ж ұ м ы с ш ы л а р » ;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: жүк және багаждарды қабылдап-тапсырушы (кірме жолдар, актілік орындық) / жүк және багаждарды а ғ а қ а б ы л д а п - т а п с ы р у ш ы ;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - субъектінің жүк теміржол станциясы кірме жолдарында және коммерциялық тексеру пункттерінде тиелген вагондарды қабылдау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жүк және багаждарды қабылдап-тапсырушының (кірме жолдар, актілік орындық) / жүк және багаждарды аға қабылдап-тапсырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 2-кестесінде келтірілген.

3-параграф «Тауарлы кассир (аға тауарлы кассир)»

8. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4; СБШ бойынша – 4;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 4211 «Кассирлер, билет кассирлерін қ о с а » ;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: тауарлы кассир (аға тауарлы к а с с и р) ;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - субъектінің жүк кәсібі жүктерді жөнелтушілерден жүктерді тасымалдауға қабылданған тапсырыстарды орындау есебі және тиеу, түсіру бойынша құжаттарды тексеру ж ә н е д а я р л а у ;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Тауарлы кассирінің (аға тауарлы кассирінің) еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 3-кестесінде келтірілген.

4-параграф «Коммерциялық тексеру бекеті бригадирі»

9. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4; СБШ бойынша – 4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 8290 «Стационарлық жабдықтардың операторлары, аппаратшылары, машинистері және слесарь-құрастырушылары»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: коммерциялық тексеру бекеті б р и г а д и р і ;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - субъектінің жүк коммерциялық тексеру бекеті жұмыстарына басшылық, нұсқамалық өткізу және о қ ы т у ;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Коммерциялық тексеру бекеті бригадирінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 4-кестесінде келтірілген.

5-параграф «Коммерциялық агент»

10. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4; СБШ бойынша – 4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 3415 «Сату жөніндегі агенттер»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: коммерциялық агент;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - субъектінің жүк жүктерді тасымалдау құжаттарын қабылдау және олардың дұрыс рәсімделуін т е к с е р у ;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс

орындары. Коммерциялық агентінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 5-кестесінде келтірілген.

6-параграф «Шекаралық станцияда жүктерді беру бойынша агент»

10. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4; СБШ бойынша – 4;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 4133 «Көлікте есеп жүргізумен айналысатын қызметшілер»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: шекаралық станцияда жүктерді беру бойынша агент;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - субъектінің жүк шетелдік темір жолдардан жүктерді және жүк тасымалы құжаттарын қабылдау және шекаралық теміржол станцияларына беру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Шекаралық станцияларының жүктерді беру бойынша агентінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 6-кестесінде келтірілген.

7-параграф «Жүктерді және багаждарды іздеу бойынша агент»

10. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4; СБШ бойынша – 4;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 4133 «Көлікте есеп жүргізумен айналысатын қызметшілер»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: жүктерді және багаждарды іздеу бойынша агент;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - субъектінің жүк түскен наразылықтар бойынша жүктер мен багажды іздеуін жасау. Жүктер мен багаждың сақталмағаны және жүктер мен багаждың құжаттардан ажыраған кезінде коммерциялық кесімдер ресімдеу;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс

орындары. Жүктерді және багаждарды іздеу бойынша агентінің еңбек жағдайына ,білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 7-кестесінде келтірілген.

4. КС бірліктерінің тізімі

10. КС бірліктерінің тізімі осы КС 3-қосымшасының 1-9-кестелерінде келтірілген және шифр мен КС бірліктері атауларынан тұрады.

5. КС бірліктерінің сипаттамасы

11. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасында келтірілген.

6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

14. Осы КС негізінде мамандардың кәсіптік дайындығын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы ұйымдармен сертификаттар беріледі.

15. Осы КС негізінде берілетін сертификаттың түрлері сертификат алу үшін игеру қажет болатын осы КС 3-қосымшасында қарастырылған КС бірліктерінің тізіміне сәйкес анықталады.

7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркеуі

14. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі болып табылады.

15. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында келтірілген.
«Темір жол көлігінде жүк және
коммерциялық жұмыстар»
кәсіби стандартына
1-қосымша

Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері

№ р/с	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдісі ескерілген кәсіп атауы	ҚР МЖ 01-2005 сәйкес кәсіп атауы	СБШ біліктілік деңгейлері	БТБ бойы разря
1	Теміржол станциясы кірме жолдарында және коммерциялық тексеру пункттерінде тиелген вагондарды қабылдау және коммерциялық тексеруді жүргізу	Поездарды қабылдаушы	Поездарды қабылдаушы	3-4	3-6

2	Жүктерді және багаждарды тиеу және түсіру, жүктердің дұрыс орналасуы мен бекітілуін камсыздандыру	Жүк және багаждарды қабылдап-тапсырушы (кірме жолдар, актілік орындық)/Жүк және багаждарды аға қабылдап-тапсырушы	Жүк және багаждарды қабылдап-тапсырушы	3-4	3-6
3	Жүктерді жөнелтушілерден жүктерді тасымалдауға қабылданған тапсырыстарды орындау есебі және тиеу, түсіру бойынша құжаттарды тексеру және даярлау	Тауарлы кассир/ Аға тауарлы кассир	Багажды, тауарлы (жүкті) кассир	4	
4	Коммерциялық тексеру бекеті жұмыстарына басшылық, нұскамалық өткізу және оқыту	Бригадир пункта коммерческого осмотра	Бригадир на участках основного производства	4	
5	Жүктерді тасымалдау құжаттарын қабылдау және олардың дұрыс рәсімделуін тексеру	Коммерциялық агент	Коммерциялық агент	4	
6	Шетелдік темір жолдардан жүктерді және жүк тасымалы құжаттарын қабылдау және шекаралық теміржол станцияларына беру	Шекаралық станцияда жүктерді беру бойынша агент	Шекаралық станцияда (пункте) жүктерді беру бойынша агент	4	
7	Түскен наразылықтар бойынша жүктер мен багажды іздеуін жасау. Жүктер мен багаждың сақталмағаны және жүктер мен багаждың құжаттардан ажыраған кезінде коммерциялық кесімдер рәсімдеу	Жүктерді және багаждарды іздеу бойынша агент	Жүктерді және багаждарды іздеу бойынша агент	4	

Ескертпе: БТБА – Қазақстан Республикасы жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, 52-шығарылым, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 426-ө-м бұйрығымен бекітілген

«Темір жол көлігінде жүк және коммерциялық жұмыстар»

кәсіби стандартына

2-қосымша

1-кесте

1. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Поездарды қабылдаушы еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Теміржол станциялары және кірме жолдар, өнеркәсіптік теміржол көлігі	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Медициналық шектеулер: Қазақстан Республикасының заңнамасы бойы Жұмысқа рұқсат: медициналық куәландырылғаннан кейін, еңбекті қорғау бойы кіріспе нұсқамалық, жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша алғашқы нұсқам сонымен қатар өртке қарсы нұсқамалық.	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұм тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім немесе негізгі орта білімі базасында кәсіптік білім және техникалық немесе жалпы орта білім болғанда кәсіптік дайындық (бір жылға дейінгі бағдарлама бойынша кәсіптік дайындық базасында ұйымдастыру курстары немесе ұйымдағы білім) және/немесе практикалық тәжірибе	Жұмыс өтіліне тал қойылмайды
4	Қосымша кәсіптік дайындықпен бірге, техникалық және кәсіптік білімі	3 деңгейде 1 жыл
	Қосымша кәсіптік дайындық, жоғарғы білімі	Жұмыс өтіліне тал қойылмайды

2-кесте

2. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жүк және багаждарды қабылдап-тапсырушы (кірме жолдар, актілік орындық)/Жүк және багаждарды аға қабылдап-тапсырушы еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Теміржол станциясы.	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Жұмысқа рұқсат:: медициналық куәландырылғаннан кейін, еңбекті қорғау бойы кіріспе нұсқамалық, жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша алғашқы нұсқам сонымен қатар өртке қарсы нұсқамалық.	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін ж тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім немесе негізгі орта білімі базасында кәсіптік білім және техникалық немесе жалпы орта білім болғанда кәсіптік дайындық (бір жылға дейінгі бағдарлама бойынша кәсіптік дайындық базасында ұйымдастыру курстары немесе ұйымдағы білім) және/немесе практикалық тәжірибе	Жұмыс өтіліне т қойылмайды

4	Қосымша кәсіптік дайындықпен бірге, техникалық және кәсіптік білімі	3 деңгейде 1 жыл
---	---	------------------

3-кесте

3. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Тауарлы кассир (аға тауарлы кассир) еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Теміржол көлігі ұйымдары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	---	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Жұмысқа рұқсат: медициналық куәландырылғаннан кейін, еңбекті қорғау бойы кіріспе нұсқамалық, жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша алғашқы нұсқам сонымен қатар өртке қарсы нұсқамалық	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін ж тәжірибесі
4	Қосымша кәсіптік дайындықпен бірге, техникалық және кәсіптік білім.	Кемінде 3 жыл
	Жоғарғы білім	Кемінде 1 жыл

4-кесте

4. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Коммерциялық тексеру бекеті бригадирі еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Әр-түрлі ұйымдар, және сонымен қатар теміржол станциясы	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Медициналық шектеулер: Қазақстан Республикасының заңнамасы бойы Жұмысқа рұқсат: медициналық куәландырылғаннан кейін	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжіри
4	Қосымша кәсіптік дайындықпен бірге, техникалық және кәсіптік білім	Кемінде 2 жыл
	Жоғарғы білім	Жұмыс өтіліне талап қойылм

5-кесте

5. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Коммерциялық агент еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Әр-түрлі ұйымдар және сонымен қатар теміржол станциясы	Әр-түрлі ұйымдар және сонымен қатар теміржол станциясы
--	--

Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Жұмысқа рұқсат: медициналық куәландырылғаннан кейін, еңбекті қс бойынша кіріспе нұсқамалық, жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша ал нұсқамалық, сонымен қатар өртке қарсы нұсқамалық	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжіриб
4	Қосымша кәсіптік дайындықпен бірге, техникалық және кәсіптік білім	Жұмыс өтіліне талап қойылма

6-кесте

6. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Шекаралық станцияда жүктерді беру бойынша агент бекеті бригадирі еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Теміржол ұйымы	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Жұмысқа рұқсат: медициналық куәландырылғаннан кейін, еңбекті қс бойынша кіріспе нұсқамалық, жұмыс орнында еңбекті қорғау бойы алғашқы нұсқамалық, сонымен қатар өртке қарсы нұсқамалық	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжіри
4	Қосымша кәсіптік дайындықпен бірге, техникалық және кәсіптік білім	Жұмыс өтіліне талап қойылм
	Жоғарғы білім	

«Темір жол көлігінде жүк және коммерциялық жұмыстар»

кәсіби стандартына

3-қосымша

КС бірліктерінің тізімі

1-кесте

1. «Поездарды қабылдаушысының» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Пойыздардың қауіпсіз қозғалысына және тасымалданатын жүктің сақталуына қатер төндірі коммерциялық ақаулықтар мен кемшіліктерді анықтау және оларды жою жұмыстарын басқару коммерциялық кемшіліктерді жоюды бақылау үшін пойыздарды коммерциялық қатынаста тексеру.
2 Ф	Жоспардағы жөндеу түрлерімен жөнделген поездарды қабылдау.
3 Ф	Құжаттар мен есептер жүргізу.

2-кесте

«Жүк және багаждарды қабылдап-тапсырушысының (кірме жолдар, актілік орындық)/Жүк және багаждарды аға қабылдап-тапсырушысының» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Станцияда жүк және жолжүкті арту да және түсіруде еңбекті қорғау талаптары және техникалық талап орындау
2 Ф	Жүктердің сақталуын және қозғалысқа қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін техникалық шарттармен с жүктерді бекіту және дұрыс орналастыру қамтамасыз ету
3 Ф	Жолдама құжаттарды рәсімдеу

3-кесте

2. «Тауарлы кассир (аға тауарлы кассир)» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Бағалы қағаздарды қабылдау, есепке алу, беру бойынша операциялар орындау
2 Ф	Кассалы кітабты жүргізу және есептілігін құрастыру, жинақ тізімдемесін жүргізу

4-кесте

3. «Коммерциялық тексеру бекеті бригадирінің» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Коммерциялық тексеру бекеті жұмыстарына басшылық, қайта қабылданған жұмысшыл оқыту, пойыз қабылдаушыларды техникалық оқыту, нұсқамалық өткізу және по қабылдаушыларды басқарушылар бұйрықтары, нұсқаулары мен таныстыру
2 Ф	Пойыздарды, вагондарды коммерциялық тексеруді бақылау, керекті материалдарды дай және қамсыздандыру, коммерциялық ақауларды уақытылы жою
3 Ф	Келіп түскен телеграммалармен танысу және уақытылы талдау. Пойыз қабылдаушыла лауазымдық міндеттерін сақтауын тексеру және КТБ жұмыстары есептерін дайындау

5-кесте

4. «Коммерциялық агент» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Іскерлік байланыстарды орнату.
2 Ф	Тауарларды сатып алу және сату.
3 Ф	Бұқаралық ақпарат құралдарына жарнамаларды орналастыру.

6-кесте

5. «Шекаралық станцияда жүктерді беру бойынша агент» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Шетелдік темір жолдардан жүктерді және жүк тасымалы құжаттарын қабылдау және шекаралық теміржол станцияларына беру
2 Ф	Қауіпсіз қозғалысты және жүктердің амандығын қамтамасыз етуде техникалық шарттарға сәйкес жүктерді бекіту және орналастыру дұрыстығын тексеру
3 Ф	Ілеспе құжаттамаларды ресімдеу

Ескертпе: Ф – функция.

«Темір жол көлігінде жүк және коммерциялық жұмыстар» кәсіби стандартына 4-қосымша

КС бірліктерінің сипаттамасы

1-кесте

1. СБШ 3-деңгейіндегі «Поездарды қабылдаушысы» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
		Қайырмалы алаң, қосалқы	1-1 М Пойыздардың қауіпсіз қозғалысына және тасымалданатын жүктің сақталуына қатер төндіретін коммерциялық ақаулықтар мен кемшіліктерді анықтау және оларды жою жұмыстарын басқару және коммерциялық кемшіліктерді жоюды бақылау үшін коммерциялық тексеру пункттері жоқ теміржол станциялары кірме жолдарындағы вагондарды коммерциялық қатынаста тексеру. Коммерциялық кемшіліктерді жойғаннан кейін вагондарға пломба ілу, пломба лау кітабына жазу. Коммерциялық кемшіліктерді тіркеу	Нұскамалық негізінде жұмыстарды орындау әдістерін таңдау және теміржол станциялары кірме жолдарындағы вагондарды тексеру жұмыстары бойынша практикалық дағды	Пойыздар вагондарды коммерциялық тексеру ережесі, теміржолме тасымалдау қауіпті жүкті болатын авариялық жағдайларды тәртібі м қауіпсіздік ережесі, коммерциялық тексеру пункттерінің жұмысының технологиясы

Ф 1	Пойыз, вагон, тасымалданушы жүктер	саты, пломба, пломбалау кітабы, коммерциялық кемшіліктерді тіркеу кітабы	кітабына пойыз және вагондарды тексеру нәтижесін жазу 1-2 М Пойыздардың қауіпсіз қозғалысына және тасымалданатын жүктің сақталуына қатер төндіретін коммерциялық ақаулықтар мен кемшіліктерді анықтау және оларды жою жұмыстарын басқару және коммерциялық кемшіліктерді жоюды бақылау үшін II класты теміржол станцияларының коммерциялық тексеру пункттеріндегі вагондарды коммерциялық қатынаста тексеру. Коммерциялық кемшіліктерді жойғаннан кейін вагондарға пломба ілу, пломбалау кітабына жазу. Коммерциялық кемшіліктерді тіркеу кітабына пойыз және вагондарды тексеру нәтижесін жазу	Нұсқамалық негізінде жұмыстарды орындау әдістерін таңдау және коммерциялық тексеру пункттеріндегі вагондарды тексеру бойынша практикалық жеңіл тапсырмаларды орындау	процесі тұр базалық білім Пойыздар вагондарды коммерциял тексеру ере: теміржолме тасымалдау, қауіпті жүкті болатын авариялық жағдайларды тәртібі м қауіпсіздік ер, коммерци тексеру пу: жұмысының технологиял процесі тұр базалық білім
Ф 2	Пойыз, вагон	Бақылап-өлшеу құралы, қалып, хабарлама	2-1 М Жөндеудің жоспарлы түрлерімен жөнделген вагондарды қабылдау, жөнделген әр вагонға хабарлама құру	Вагондарды қабылдау және жөндеудің әр түрімен жөндеу кезінде қойылған нормаларды анықтаудың практикалық дағдысы	Түрлі тип вагондардың бөлігі құрыл туралы, ста: жұмысы тұр вагондарды жөндеудің тү бойынша же кезінде нәти қол жеткі: әдістері тұр базалық білім

2-кесте

2. СБШ 4-деңгейіндегі «Поездарды қабылдаушысы» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
			1-3 М Пойыздардың қауіпсіз қозғалысына және тасымалданатын жүктің сақталуына қатер төндіретін коммерциялық ақаулықтар мен кемшіліктерді анықтау		Пойыздар вагондарды коммерциял

Ф 1	Пойыз, вагон, тасымалданушы жүктер	Қайырмалы алаң, қосалқы саты, пломба, пломбау кітабы, коммерциялық кемшіліктерді тіркеу кітабы	және оларды жою жұмыстарын басқару және коммерциялық кемшіліктерді жоюды бақылау үшін І класты және кластан тыс теміржол станцияларының коммерциялық тексеру пункттеріндегі вагондарды коммерциялық қатынаста тексеру. Коммерциялық кемшіліктерді жойғаннан кейін вагондарға пломба ілу, пломбау кітабына жазу. Коммерциялық кемшіліктерді тіркеу кітабына пойыз және вагондарды тексеру нәтижесін жазу	Вагондарды коммерциялық тексеру пункттерінде тексерудің практикалық дағдысы. Вагондарды коммерциялық қатынаста тексеру әдістерін анықтау	тексеру ере теміржолме тасымалдау қауіпті жүкт болатын авариялық жағдайлард тәртібі м қауіпсіздік ережесі, коммерциял тексеру пу жұмысыны технологиял процесі ту білім
			1-4 М Пойыздардың қауіпсіз қозғалысына және тасымалданатын жүктің сақталуына қатер төндіретін коммерциялық ақаулықтар мен кемшіліктерді анықтау және оларды жою жұмыстарын басқару және коммерциялық кемшіліктерді жоюды бақылау үшін шекаралық, мемлекетаралық ауыспалы және жоларалық станциялардағы вагондарды коммерциялық қатынаста тексеру. Коммерциялық кемшіліктерді жойғаннан кейін вагондарға пломба ілу, пломбау кітабына жазу. Коммерциялық кемшіліктерді тіркеу кітабына пойыз және вагондарды тексеру нәтижесін жазу	Вагондарды коммерциялық қатынаста тексеру және шекаралық, мемлекетаралық ауыспалы және жоларалық станциялардағы қойылған нормаларды анықтау дағдысын көрсету	Пойыздар вагондард коммерциял тексеру ере теміржолме тасымалдау қауіпті жүкт болатын авариялық жағдайлард тәртібі м қауіпсіздік ережесі, коммерциял тексеру пу жұмысыны технологиял процесі, і тәртіп ереж еңбекті қо ережелері нормалары қауіпсіздік ережелері ту білім
Ф 3	Пойыз, вагон	Вагондарды жөндеу сапасын арттыру бойынша тексерістерді	3-1 М Вагондарды жөндеу сапасын арттыру бойынша тексерістерді жүргізу жұмыстарының ай сайынғы жеке жоспарларын әзірлеу, олардың орындалуын қамтамасыз ету	Вагондарды тексеру және қабылдау кезіндегі қойылған нормаларды орындау әдістерін өздігінен анықтау және өздігінен нормалау дағдысы	Техникалы қауіпсіздік принциптері табу туралы
			3-2 М Вагон шаруашылығы Департаментіне өз міндеттері	Акт толтыра алу, жалпы үлгідегі актілерді толтыру және жүргізілетін	Жалпы үлг актілерді то тәртібі тур

		жүргізу жұмыстарының Жоспары	шеңберінде жүргізілетін жұмыстар туралы ай сайын есеп беру	жұмыстар туралы есеп беру әдістерін анықтау іскерлігі	білім. Ес жүргізу кез тапсырмалау бетінше оры
--	--	------------------------------	--	---	---

3-кесте

3. СБШ 3-деңгейіндегі «Жүк және багаждарды қабылдап-тапсырушы (кірме жолдар, актілік орындық)/жүк және багаждарды аға қабылдап-тапсырушы» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
Ф 1	Жүк, жолжүк	Оңтайлы жүктеу сызбасы, жолдама құжаттар, пойыздардың қозғалыс кестесі	1-1 М Поезд жол жүрісінде жолжүкті қабылдау, арту, орналастыру	Пойыздардың жол жүрісінде жолжүктерді қабылдау, тиеу, орналастыруды орындау әдісін өзі анықтау	Жүктерді арту және б техникалық шартт теміржол көлігінд объектісін және жүк қорғау тәртібі, апа жағдайда байланыс қауіпті жүктерд тасымалдау және та тәртібі туралы база білім
			1-2 М Станцияда жүк және жолжүкті түсіру және тапсыру	Станцияда жүк және жолжүкті тапсыру және түсіруде өзі ұйымдастыру дағдысы	Жүктер және жолжүк арту технологияс вагондарды тиімді ж сызбасы; жүк ж жолжүктерді тіркеу жолдама құжаттар рәсімдеу тәртібі ту базалық білім
			1-3 М Тасымалдауда қабылданған және берілген жүк және жолжүкті тіркеу	Жүктер және жолжүктерді қабылдау және беруін тіркеуде өзі анықтау және өзі ұйымдастыру дағдысы	Халықаралық темір жүктері хабарлама туралы келісімде станциялық коммерци есептерді жүргіз актілі-назарлық жү туралы базалық білім
Ф 2	Жүк, жолжүк	Пойыздардың қозғалыс кестесі, жолжүктерді тасымалдауын құрастыру жоспары	2-1 М Станцияда пойыз тұрағы уақытында тиеу-түсіру жұмыстары	Станцияда пойыз тұрағы уақытында тиеу-түсіруді қамтамасыз етуде талаптары негізінде жұмыстар әдісін таңдау	Жүкті өлшеу техноло мен тәртібін, өлше аспаптарды күтім з техникалық қызмет ту базалық білім

4-кесте

4. СБШ 4-деңгейіндегі «Жүк және багаждарды қабылдап-тапсырушы (кірме жолдар, актілік орындық)/жүк және багаждарды аға қабылдап-тапсырушы» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
Ф 2	Жүк, жолжүк	Пойыздардың қозғалыс кестесі, жолжүктерді тасымалдауын құрастыру жоспары	2-2 М Жол жүрісінде вагондар-дың техникалық жағдайын бақылау	Станцияда пойыз тұрағы уақытында тиеу-түсіруді қамтамасыз етуде талаптар негізінде жұмыстар әдісін таңдау	Жүкті өлшеу технологиясы мен тарау, өлшегіш аспапта күтім және техника қызмет туралы базалық білім
			2-3 М Желілік жоспарды құрумен сәйкес вагондарда жүк және жолжүкті оңтайлы орналастыру, жол жүрісінде жүк және жолжүктің сақталуын қамтамасыз ету	Вагондардың жол жүрісінде техникалық жағдайын сақтану бойынша тапсырманы нақтылау, тапсырманы орнату және нәтижені бағалау	Вагонның техника сипаттамасы принциптері, еңбек қауіпсіздігі, өндіріс тазалық және өндіріс қауіпсіздігі туралы базалық білім
Ф 3	Жүк, жолжүк	Жолдама құжаттар	3-1 М Жүк және жолжүкті тасымалдауға қабылдауда жолдама құжаттарын рәсімдеу	Жүктерді және жолжүктерді вагонға орнықты орналастыру нәтижесін бағалау, жүк және жолжүктердің жол жүрісінде сақталуын қамтамасыз ету бойынша өзі нормалау дағдысы	Жүктерді буып-түю тасымалдау шарттары, жүктерді бекіту және техникалық шарттық принциптері, амалдар туралы базалық білім

5-кесте

5. «Тауарлы кассир (аға тауарлы кассир)» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
			1-1 М Ережелердің міндетті түрде сақтауымен қатаң есептілікті қажет ететін бланкілер мен ақшалы сомаларының қабылдау, есепке алуы және сақтауы бойынша операциялар жасау.	Негізгі нұсқауға сәйкес бағалы қағаздарды қабылдау, есепке алу, беру және оларды сақтауды қамтамасыз ету нәтижелерін бағалау және тапсырмаларды талдау	

1 Ф	Кассалық аппарат.	Ақшалы қаражат, құжаттар, бағалы қағаздар	1-2 М Жүктердің және багаждың қабылдануы, тиеуі, берілуі бойынша, сонымен бірге олардың басқа адресстеу бойынша құжаттарын ресімдеу және тексеру.	Жүктерді қабылдау, тиеу, беру және адресстеу бойынша құжаттарды тексеру және дайындау кезінде өзіндік нормалау және өзіндік анықтау дағдысы	Кассалық операцияларды жү бойынша құжат жүктер мен багажд тасымалдау, тар басшылық, жүкте барар жерін өзг тәртібі, транспор тордың және көл негізгі жол бағд схемасы, кассал құжаттардың ныс бағалы қағаздар қабылдау, есепке және сақтау, кіріс шығыс құжаттағ дайындау, негізгі с зандарын, еңбекті н , өндірістік тазалы өрт қауіпсіздігі ту базалық білім
			1-3 М Жүктердің, багаждың тасымалына және көрсетілген қызметтері үшін клиенттерімен есеп айырысуын қойылған тәртіпке сәйкес жүргізу	Құжаттар мен бағалы қағаздарды алғанда жүктердің тасымалына және көрсетілген қызметтері үшін клиенттерімен есепте нәтижелерді бағалау	
2 Ф	Кассалық аппарат.	Кіріс және шығыс құжаттары, кассалық кітап .	2-1 М Кассалық кітаптың кіріс және шығыс құжаттары негізі бойынша жүргізу.	Кіріс және шығыс құжаттар негізінде кассалық кітапты жүргізуде нәтижелерді бағалау және тапсырмаларды талдау	
			2-2 М Іс жүзіндегі қолдағы бар бағалы қағазды кітап қалдықтарымен салыстыру.	Бағалы қағазды кітап қалдықтарымен салыстыру амалдарын өзіндік нормалау және өзіндік анықтау дағдысы	
			2-3.М Кассалық есептерді жасау.	Кассалық есептерді жасауда нәтижелерді бағалау және тапсырмаларды талдау	

6-кесте

6. «Коммерциялық тексеру бекеті бригадирі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
			1-1 М Станция жұмыстары технологиялық процестеріне сәйкес коммерциялық тексеру бекеті жұмыстарына басшылық	Станция жұмыстары технологиялық процестеріне сәйкес коммерциялық тексеру бекеті жұмыстарына басшылық бойынша шешімдерді бағалауды және міндеттің қойылуын нақтылау	
			1-2 М Лауазымға емтиханды уақытылы тапсыруды және сабақты бақылау, тәжірибелі	Тәжірибелі пойыз қабылдаушы жұмысшыларын қайта қабылданғанда оқыту	

1 Ф	Поез, вагондар, өзі жүретін бірліктер үшін алаңшық, жабық қойма, қабылдау және аттаныс жолы, кран асты жолдары, коммерциялық ақауды жою жолдары	Күйдірілген сым, шеге, талшық, тіреу, астар, төсеме, ағаш сыналар, жануыш, ағаш материалдарды бекітуге арналған инвентарлық метал, кесетін материал, шере (қатырма), пышақ, балта, балға, зіл балға, жеңілдетілген және қарапайым сындырғыш, күрек, метр шток, ұзындық өлшеуіш, тіктеуіштер, кергі бұрышы екінші және бекіткіш өлшемі деректерін тексеруге арналған қалып, тиеу биіктігін өлшейтін тақтайша, жарты вагондардың қабырғасы қисықтығын анықтайтын және жүктердің габаритін	пойыз қабылдаушы жұмысшыларын қайта қабылданғанда оқыту кезінде орнықтыруды, орналастыруды жүрге асыру. Пойыз қабылдаушыларды техникалық оқыту жүргізу кезінде ұйымдастыруға және қабылдауға тікелей қатысу	кезінде орнықтыру және орналастыру шешімдерін бағалау және міндеттің қойылуын, міндетті нақтылау. Лауазымға емтиханды уақытылы тапсыруды және сабақты жүргізу процесін кезінде өзіндік анықтау дағдысы. Жұмысшылардың шеберлігін жоғарлату уәждемесі	Ішкі еңбек тәңілі принципі м талабы, темің құрылғылары коммерциялы тексеру бек ағымдық кү техникалық қауіпсіздік, коммерциялы тексеру бек құрылғылары пайдалану тұл базалық біл Жұмысшылар, біліктілігін ар тәсілдері уәжд
			1-3 М Коммерциялық тексеру бекеті жұмысшыларына алғашқы, қайтамалы және жоспардан тыс нұсқамалық жүргізу кезінде шешімдерді бағалауды және міндеттің қойылуын нақтылау	Коммерциялық тексеру бекеті жұмысшыларына алғашқы, қайтамалы және жоспардан тыс нұсқамалық жүргізу кезінде шешімдерді бағалауды және міндеттің қойылуын нақтылау	
			1-4 М Пойыз қабылдаушыларды басқарушылар бұйрықтары, нұсқаулары және телеграммаларымен таныстыру	Пойыз қабылдаушыларды басқарушылар бұйрықтары, нұсқаулары және телеграммаларымен таныстыруды және бағынышты жұмысшыларға міндеттің қойылуын нақтылау	
	Поез, вагондар, өзі жүретін бірліктер үшін алаңшық, жабық қойма, қабылдау және		2-1 М Пойыздарды және вагондарды коммерциялық тексеру және нәтижелер құжаттарын даярлау кезінде операциялардың дұрыс және уақытылы орындалуын бақылау	Пойыздарды және вагондарды коммерциялық тексеру және нәтижелер құжаттарын даярлау кезінде операциялардың дұрыс және уақытылы орындалуы кезінде шешімдерді бағалауды және міндеттің қойылуын нақтылау	
			2-2 М Адамдарды тасымалдауға арналған вагондардың жағдайын алмалы құрылғылармен бақылау	Адамдарды тасымалдауға арналған вагондардың жағдайын алмалы құрылғылармен бақылау кезінде шешімдерді бағалауды және міндеттің қойылуын нақтылау	
			2-3 М Коммерциялық ақау кезінде және қатысы бар жұмысшылардың	Коммерциялық ақау жағдайларын	

2 Ф	аттаныс жолы, кран асты жолдары, коммерциялық ақауды жою жолдары	тексеретін құралдар, ілмекті арқан жіп, пломбалайтын қысқыш, оралған сымдарды қиюға арналған қайшы, саты, қамыт кілт, цистерна құралдары, ширату салуға арналған арнайы телім, шеге қағу құрылғылары, шеге суырғыш, жарты вагон люктері қақпағын жабуға арналған жүкарба, жүкті жарты вагон люктері қақпағын жабуға арналған тұтка	оперативті мәжіліске қатысуын ұйымдастыру бойынша тиісті материалдарды дайындау	қарастыруда шешімдерді бағалауды және міндеттің қойылуын нақтылау
3 Ф	Поез, вагондар, өзі жүретін бірліктер үшін алаңшық, жабық қойма, қабылдау және аттаныс жолы, кран асты жолдары, коммерциялық ақауды жою жолдары		2-4 М Коммерциялық тексеру бекетін техникалық құжаттармен , құрал-саймандармен және керекті материалдар қорымен қамтамасыз ету	Коммерциялық тексеру бекетін техникалық құжаттармен, құрал-саймандармен және керекті материалдар қорымен қамтамасыз етуде өзіндік анықтау дағдысы
			2-5 М Пойыздардан ажыратылған вагондардың коммерциялық ақауларын уақытылы жоюды қамтамасыз ету бойынша шешімдер қабылдау	Пойыздардан ажыратылған вагондардың коммерциялық ақауларын уақытылы жоюды қамтамасыз етуде бағынышты жұмысшыларға міндеттерді қойылуын нақтылау
			3-1 М Коммерциялық тексеру бекетінде тексерістегі және келген пойыздарға, вагондарға келіп түскен телеграммалармен күнделікті танысу	Коммерциялық тексеру бекетінде тексерістегі және келген пойыздарға, вагондарға келіп түскен телеграммалармен күнделікті танысуда өзіндік нормалау және өзіндік анықтау дағдысы
			3-2 М Коммерциялық ақауы бар вагондарға станциядан жіберілген телеграммаларды тіркеуді және келіп түскен телеграммаларды уақытылы талдауды қамтамасыз ету	Коммерциялық ақауы бар вагондарға станциядан жіберілген телеграммаларды тіркеуді және келіп түскен телеграммаларды уақытылы талдауда шешімдерді бағалауды және міндеттердің қойылуын нақтылау
			3-3 М Пойыз қабылдаушылардың лауазымдық міндеттерін, талаптар талаптарын, техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін сақтауы бойынша кенет тексеруді жүзеге асыру	П о й ы з қабылдаушылардың лауазымдық міндеттерін, талаптар талаптарын, техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін сақтауы бойынша кенет тексеруде әрекеттер нәтижелерін бағалау
			3-4 М Коммерциялық тексеру бекеті	Коммерциялық тексеру бекеті жұмыстары есебін

			жұмыстары есебін даярлау	даярлауда өзіндік нормалау және өзіндік анықтау дағдысы	
--	--	--	-----------------------------	---	--

7-кесте

7. «Коммерциялық агент» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
1 Ф	Шарттар, сақтандыру және экспорттық лицензиялар, келісімдер, басқа да өнімдер	Құжаттар	1-1 М Техникалық және басқа да өнімдермен қоса алғанда, тауарларды сатып алушылар мен сатушылар арасындағы қажетті іскерлік байланыстарды орнату, сонымен бірге коммерциялық қызмет көрсету	Тауарларды сатып алушылар мен сатушылар арасындағы қажетті іскерлік байланыстарды орнату да тапсырмаларды нақтылау. Коммерциялық қызмет көрсетуде шешімдерді бағалау	Еңбек заңда қолданыстағы және есепте нысаны, ішкі тәртібі ереже ықпалы мен тұралы білім
			1-2 М Рәрісдегі шарттарды және байланыстарды, басқа да керекті құжаттарды, сонымен қатар сақтандыру және экспорттық лицензияларды даярлауда тиісті қамсыздандыру. Шарттар, байланыстар және келісімдер жасауда қажетті техникалық жұмыстар орындау	Құжаттарды даярлауда нәтижелерді бағалау	Қазақстан Республикасы заңы және бас нормативті құқықтық кесім нарықтағы экономика ж құжаттарды рәсімдеу негіз ықпалы м принципі тур білім
2 Ф	Шарттар, сақтандыру және экспорттық лицензиялар, келісімдер, басқа да өнімдер, көлік құралдары	Құжаттар, тауарлар, көлік құралдары	2-1 М Тауар топтамасын сатып алуға және сатуға көмектесу	Тауарларды сатып алуда және сатуда тапсырмаларды нақтылау	Қызмет ету шарттар, келісім және байланы жасасу ж тауарларды сатумен-сатып байланысты құжаттарды рәсімдеу тәрті және нысан ықпалы м принципі тур білім
			2-2 М Шартта, келісімшартта және келісімде жасалған талаптардың, басқада шарттардың орындалуын және көлік құралдарын	Тауарларды жеткізуге көлік құралдарын	Тауарларды са және тасымал талаптары, тиеу-түсіру жұмыстарын ұйымдастыру

			беруді ұйымдастыру. Тауарларды жеткізуде көмек көрсету	беруде тапсырмаларды нақтылау	ықпалы мен принципі тур білім
3 Ф	Компьютер, көшірме-көбейткіш техника	Газеттер, журналдар	3-1 М Бұқаралық ақпарат құралдарына жарнамаларды орналастыру	Бұқаралық ақпарат құралдарына жарнамаларды орналастыру нәтижелерін бағалау және тапсырмаларды нақтылау	Қазақстан Республикасы заңы және бас нормативті құқықтық кесі бойынша бұқа ақпарат құралдарына жарнамаларды орналастыруы мен принци туралы білім

8-кесте

8. «Шекаралық станцияда жүктерді беру бойынша агентінің» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
1 Ф	Қозғалмалы құрам	Құжаттар, тасымалдағы жүктер, қозғалмалы құрам құрылғылары	1-1 М Жүктердің күйін және құжаттардың ресімделуінің толықтығын, дұрыстылығын тексеру	Жүктердің күйін және құжаттарды дұрыс ресімдеуде нәтижелерді бағалау және тапсырмаларды нақтылау	Қазақстан Республикасын негізгі еңбек за , кедендік заң қоймада жүкт сақтау, қабылдау-өткіз құжаттары ны ықпалы мен принципі тур білім
			1-2 М Жүктердің сақталу шарттарын және стандарттарды талаптарына сәйкестігін белгілеу	Жүктердің сақталу шарттарын және стандарттарды талаптарына сәйкестігі нәтижелерін бағалау және тапсырмаларды нақтылау	Жүктерді таңб және шетел, таңбалауы, сон қатар жәшіктеу буып-түю үл ықпалы мен принципі тур білім
			1-3 М Тез бұзылатын және қауіпті жүктердің тасымалы тәртібін анықтау	Қозғалмалы құрамды тандауда тапсырмаларды нақтылау. Тасымалдағы жүктердің амандығын қамтамасыз етуге қозғалмалы құрамға қызмет көрсету жұмыстарына басшылықта нәтижелерді бағалау, сонымен қатар	Тура аралас т жолды-сулы қатынастағы жүктерді тасым

				тез бұзылатын және қауіпті жүктердің тәртібін өзіндік анықтау. Жұмысшылар уәждемесі	ықпалы мен принципі тур білім
2 Ф	Қозғалмалы құрам	Құжаттар, тасымалдағы жүктер, қозғалмалы құрам құрылғылары, вагондар, таразы	2-1 М Вагондарда және ашық қозғалмалы құрамында жүктердің дұрыс тиелуі мен орналасуын тексеру	Вагондарда және ашық қозғалмалы құрамында жүктердің дұрыс тиелуі мен орналасуын тексеруде нәтижелерді бағалау және тапсырмаларды нақтылау	Жүктердің дұ тиелуі мен орналастыруы техникалық талаптары, ең корғау, өндірі тазалық және қауіпсіздігі ық мен принципі т білім
			2-2 М Жүктерді өлшеу. Өндірістік көрсеткіштердің оперативті есебін жүргізу	Жүктерді өлшеуде және өндірістік көрсеткіштердің оперативті есебін жүргізу тәсілдерінде нәтижелерді бағалау және тапсырмаларды нақтылау	Әртүрлі құрыл вагондар, тауғ таразылардың құрылғысы ж жүктерді өлш тауарлы-матери құндылықтары есепке алу ық мен принципі т білім
3 Ф	Қозғалмалы құрам	Құжаттар, коммерциялық актілер	3-1 М Ілеспелі және тасымал құжаттамаларын рәсімдеу	Ілеспелі және тасымал құжаттамаларын рәсімдеуде тапсырмаларды нақтылау	Белгіленген құжаттаманы ж тәртібі жәі жарлықтары, бұйрықтары ық мен принципі т білім
			3-2 М Айқындалған бұзушылықтар бойынша коммерциялық актілерді құрастыру	Айқындалған бұзушылықтар бойынша коммерциялық актілерді құрастыруда нәтижелерді бағалау және тапсырмаларды нақтылау	Ішкі еңбек тала , тура ара. теміржолды с қатынастағы жүктерді тасым жүктерді қойі сақтау ықпалы принципі тур білім

9-кесте

9. «Жүктерді және багаждарды іздеу бойынша агент» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
			1-1 М Жүктер мен багаждың сақталмағаны		Станциялық коммерциялық есептерді жүргі

1 Ф	Жүк, багаж	Коммерциялық актілер	және жүктер мен багаждың құжаттардан ажыраған кезінде коммерциялық кесімдер ресімдеу	Жүктер мен багаждың құжаттардан ажыраған кезінде кесімдер ресімдеуде тапсырмаларды нақтылау	жүктерді және багаждарды тасымалдау, сәйкес келетін нұсқауы ықпалы принципі туралы б
			1-2 М Жүктердің сақталмағаны туралы хабарын дайындау және тексеріске қатысу	Жүктердің сақталмағаны туралы хабарын дайындауға және тексеріске қатысуда нәтижелерді бағалау және тапсырмаларды нақтылау	Жүктердің сақталмағаны туралы хабар дайындау тасымалданатын құжаттары үлгісі ықпалы мен принципі туралы білім
2 Ф	Жүк, багаж	Жүк, багаж, құжаттар	2 - 1 М Қабылдаушыларымен талаптанбаған жүктер мен багажды, оларды өткізу үшін құжаттарды ресімдеу	Қабылдаушыларымен талаптанбаған жүктер мен багажды, оларды өткізу үшін құжаттарды ресімдеуде тапсырмаларды нақтылау	Қабылдаушыларымен талаптанбаған жүктер мен багаждар үшін құжаттарды ресімдеуде тапсырмаларды нақтылау туралы білім
3 Ф	Жүк, багаж	Жүк, багаж, бланкілер, құжаттар, картотек	3-1 М Жүктер мен багаждың сақталмағанына қатаң есептегі бланкілердің және басқада құжаттардың сақталуын, есебін және жүйелеуді қамсыздандыру	Жүктер мен багаждың сақталмағанына қатаң есептегі бланкілердің және басқада құжаттардың сақталуын, есебін және жүйелеуді қамсыздандыру нәтижелерін бағалау және тапсырмаларды нақтылау	Қазақстан Республикасының негізгі еңбек заңдарына қатаң есептегі бланкілерді сақтау қамсыздандыруының принципі туралы білім
			3-2 М Жүктедің орталықтандырылған шығаруы мен қайтадан адрестеуі үшін тасымал құжаттарын дайындау	Жүктедің орталықтан шығарылуы мен қайтадан адрестеуі үшін тасымал құжаттарын дайындауда тапсырмаларды нақтылау	Ішкі еңбек тәртіп ережелері ықпалы принципі туралы б
			3-3 М Сақталмаған жүктер мен багажға картотека жүргізу	Сақталмаған жүктер мен багажға картотека жүргізуде тапсырмаларды нақтылау	Темір жолдары жүктерді іздеу бойынша нұсқаулар ықпалы принципі туралы б

Ескертпе: М – мақсат.

«Темір жол көлігінде жүк және коммерциялық жұмыстар» кәсіби стандартына 5-қосымша

Келісу парағы

Ұйым атауы	Келісу күні
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	

Осы КС _____ тіркелді.
Кәсіби стандарттардың реестріне № _____ тіркелді.
Хат (хаттама) № _____ Күні _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК